<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің</p>



	<p>әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b>  Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру</p> <p><b>Шама.</b>  салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b>  Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b>  Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында</p>

	<p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық- түлік тағамдарын мүсіндеуге үйретуді пысықтау.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. <b>Ән айту.</b></p>

	<p>Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b></p> <p>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (еңбекқор, ұқыпты) аудару</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b></p> <p>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b></p> <p>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b></p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы</p>

жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**  
 Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу дағдыларын дамыту.

**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**  
 топта қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау дағдыларын қалыптастыру

### Наурыз айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b>            қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;            қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>            Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру            Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.            Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату, лақтыру, қағып алу.            Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу            Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру            Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p>

**Қимылды ойындар**

Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**

Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**

Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.

Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.

**Сөйлеуді дамыту****Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.

**Сөздік қор.**

Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін

	<p>жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің</p>

	кұрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру.
<b>Сурет салу</b>	Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау</b> Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. <b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету <b>Заттық әлем.</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту

**Көлік, байланыс құралдары.**

жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.

**Еңбекке баулу.**

Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.

**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**

жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.

**Менің Отаным – Қазақстан.**

Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

**Өсімдіктер әлемі.**

Ағаштардың, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру

**Жануарлар әлемі.**

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау.

**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**

серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).

**Сәуір айы 2023 жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-



жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;

**Негізгі қимылдар:**

сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру;

алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру.

аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне домалату

доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу.

15-20 сантиметр биіктіктен секіру

саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.

**Қимылды ойындар**

Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**

Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**

	<p>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
<b>Математика</b>	<b>Сан.</b>

<p><b>негіздері</b></p>	<p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау</b></p>

	<p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.  Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.  <b>Ән айту.</b>  Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>  Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.  <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b>  Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b>  жақындарына қамқорлық танытуға баулу.  <b>Заттық әлем.</b>  заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту  <b>Көлік, байланыс құралдары.</b>  жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру  <b>Еңбекке баулу.</b>  Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.  <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b>  Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру  <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b>  Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.  <b>Өсімдіктер әлемі.</b>  кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау.  <b>Жануарлар әлемі.</b>  Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.  <b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b></p>

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.  
**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**  
 Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау)

## Мамыр айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b>                      доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>                      Шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.                      Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру.                      1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату                      Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу                      Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу                      Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру                      Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b>                      Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып,</p>

ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Балабақша ауласында

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**

Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**

Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

**Сөйлеуді дамыту**

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.

	<p><b>Сөздік қор.</b> жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын пысықтау.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b> заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету</p> <p><b>Шама.</b></p>

	<p>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру</p> <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгерістер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды.</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыруды және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау</b></p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p>



	<p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауын пысықтау</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындауды, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды меңгерту.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындауды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруін пысықтау.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыруды пысықтау.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы</p>

түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді жетілдіру.

**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**

серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).



